



Баспасөз хабарламасы

8 қазан 2020 жыл

Қазақмыс Банк ВТБ (Қазақстан)-нан жаңа транш алды

Банк ВТБ (Қазақстан) мен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бекітілген кредит желісі аясында көлемі 12 млн АҚШ доллары жаңа транш бөлу туралы келісімге қол қойды. Кәсіпорын алған қаражатты айналымдық қаражатты толықтыруға бағыттайтын болады.

«Қазақмыс» – Қазақстандағы ең ірі мыс өндірушісі әрі табиғи ресурстарды өндіру және өндеу бойынша жетекші халықаралық компания. Корпорация мыс және өзге пайдалы қазбаларды іздестіру, барлау, өндіру, байыту, өндеу және экспорттаумен айналысады. Банк корпорациямен әріптестігін 2019 ж. бастап әріптестік орнатып, ашылған кредит желісі аясындағы алған мөлшері 15 млн доллар алғашқы траншы контракт шарттарына сәйкес уақытылы қайтарылды.

- «Қазақмыс» – Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі, компания аймағымыз үшін стратегиялық маңызы бар саланы дамытып, жаңғыртуда. Республика экономикасына ауқымды оң әсерін тигізетін корпорация тарапынан жүзеге асырылатын әлеуметтік маңызы бар жобаларды дамытуға қатысу мүмкіндігіміз болғанына өте қуаныштымын, – деп атап өтті **Банк ВТБ (Қазақстан)-ның басқарма төрағасы Дмитрий Забелло**. – ВТБ мен «Қазақмыс» секілді қос халықаралық топтың тұрақты әріптестігі еліміздің тұрақты дамуына бағытталған екі ұйымның ауқымды мақсаттары бірдей екенінің заңды салдары деп ойлаймын.

«Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-нің жоғары өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеті, қажетті энергетикалық және отын қорлары, заманауи технологиялық әрі телекоммуникациялық желілері мен білікті кадрлары, яғни, әрі қарай өндіріс көлемдерін арттыруға қажетті ресурстарының барлығы бар.

Анықтама:

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ – ВТБ халықаралық қаржы тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 10 жыл бойы табысты жұмыс істеп келеді. Бүгінгі таңда Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 17 филиалдан тұратын филиалдық желісі бар. S&P Global Ratings деректері бойынша ВТБ (Қазақстан) Қазақстанның барлық ЕДБ арасында ең жоғары кредиттік рейтингке ие болып отыр. Банктің Орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан. 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.14/39 ҚР Ұлттық Банкінің лицензиясы.

Қосымша ақпарат алу үшін Сіз әр кезде баспасөз қызметіне түсінік алу үшін хабарласа аласыз:

Арина Пирогова

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ

Тел: 8 (727) 330 59 20 ішкі 59 20

e-mail: A.Pirogova@vtb-bank.kz

web: www.vtb-bank.kz